



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КеАҚ
Психологиялық қызмет

Жатақхана студенттеріне арналған сауалнаманың нәтижесі

Атырау - 2023 жыл

Жатақхана студенттеріне арналған сауалнаманы талдау

Бұл сауалнаманы жүргізудегі мақсат, жаңа оқу жылы қарсаңында жатақхана жағдайын студенттер үшін қолайлылығын анықтау және педагог-тәрбиешілердің жұмысын бағалау мақсатында жүргізілді. Жатақханада тұратын студенттер үшін университет басшылығы барынша жағдай жасайды. Жатақханада студенттерді орналастыру үшін өзіндік тәртіп пен міндеттер бар.

Жатақханадан орын ең алдымен келесі санаттағы студенттерге беріледі:

- 1) жетім және қамқорсыз қалған студенттер;
- 2) мүмкіндігі шектеулі студенттер;
- 3) көп балалы отбасынан шыққан студенттер;
- 4) толық емес отбасынан шыққан студенттер;
- 5) басқа қаладан келген студенттер;
- 6) шет елдерден келген студенттер;

Зерттеу барысы:

Жатақханада тұратын студенттерге электронды нұсқада «Google Формасында» 17 сұрақтан тұратын сауалнама ұсынылды. Атап айтар болсақ: № 1, 3, «Дана», С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің жатақханасында тұратын студенттері үшін.

Сауалнамаға қатысушылар саны **210 студент**. 1,2,3,4 курс студенттері. Сауалнамада келесі мәселелер зерттелді:

- Факультеті;
- Қай жатақханада тұратыны;
- Студенттің курсы;
- Жатақханада тұру жағдайы;
- Бөлмедегі студенттермен қарым-қатынасы;
- Жоғары курс студенттері тарапынан қысымшылық көрдіме;
- Жатақхана әкімшілігімен қарым-қатынасы;
- Бос уақытын қалай өткізеді;
- Ұйқыға нешеде жатады;
- Өз үйіне қаншалықты жиі барады;
- Жатақханадағы педагог-тәрбиешілермен қарым-қатынасы;
- Жатақхана комендантымен қарым- қатынасы;

Сауалнама нәтижелері:

1.Сіз қай факультеттің студентісіз?




Жауап берушілердің 20,5%-ын Физика, математика және ақпараттық технологиялар факультеті, 13,3%-ы Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті, 18,6%-ы Инновациялық білім беру факультеті, 28,1%-ы Көптілді білім беру факультеті, 13,3%-ы Жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдар факультеті, 6,2%-ы Экономика және құқық факультетін құрайды.

2.Қай жатақханада тұрасыз?




Студенттердің 15,2%-ы Дана жатақханасын, 9,5%-ы №3 жатақхананы, 31,4%-ы С.Өтебаев атындағы Атырау Мұнай және газ университетінің жатақханасы, 43,8%-ы №1 жатақхананы құрайды.

3.Курсыңызды көрсетіңіз?



Жатақханаға орналасқан студенттердің 46,7%-ы 1 курс студенттерін, 35,7%-ы 2 курс студенттері, 9,5%-ы 3 курс студенттері, 8,1%-ы 4 курс студенттерін құрайды.

4. Жатақханада тұру жағдайын қалай бағалайсыз (10 балдық жүйе бойынша)?



Студенттер жатақханада тұру жағдайын 1%-ы 1 балдық көрсеткішті көрсетсе, 0,5%-ы 2 балдық көрсеткіш, 2,4%-ы 3 балдық көрсеткіш, 2,4%-ы 4 балдық көрсеткіш, 15,7%-ы 5 балдық көрсеткіш, 9,5%-ы 6 балдық, 15,7 %-ы 7 балдық, 20%-ы 8 балды, 10,5 %-ы 9 балды, 22,4%-ы 10 балдық көрсеткіш бойынша бағалаған.

5. Бөлмедегі студенттермен қарым-қатынас сізді алаңдатады ма?



Студенттердің 78,1%-ы бөлмедегі студенттермен қарым-қатынас жақсы десе, 17,6%-ы алаңдатады, 4,3%-ы жауап беруге қиналамын деп жауап берген.

6. Жоғары курс студенттері тарапынан қысым көрдіңіз бе? Олай болса, оны көрсетіңіз



Диаграммдан жатақханада ораласқан студенттер арасында жоғары курс студенттері тарапынан қысым жоқ екендігін көруге болады.

7. Жатақхана әкімшілігімен қарым-қатынаста қиындықтар бар ма? Егер болса, оларды көрсетіңіз




Жатақхана әкімшілігімен қарым-қатынасымен қиындықтар жоқ 94, 8%-ы, 2,4%-ы қиындықтар бар десе, 2,9%-ы жауап беруге қиналамын деп жауап берген.

8. Сіз жатақханада бос уақытыңызды қалай өткізесіз?




Жауап берушілердің 35%-ы сабақ оқимын десе, 46%-ы ұйықтаймын, демаламын, 28%-ы кітап оқимын, 36%-ы достарыммен уақыт өткіземін, ойын ойнаймыз десе, 13%-ы кино көрем, телефон қараймын, 11%-ы универде ұйымдастырылған шараларға қатысамын, 10%-ы тамақ пісіріп, комната жинаймын 2,8%-ы ән, домбыра, гитара, би, тіл үйрену, тенис жаттығу, 11%-ы жұмыс жасаймын, бос уақытым жоқ деп жауап берген.

9. Сағат нешеде ұйықтауға жатасыз?



10. Сіз өз үйіңізге қаншалықты жиі барасыз?



Жылына бір рет 40%-ы, айына бір рет 27,1%-ы, екі аптада бір 17,1%-ы, әр демалыста 15,7%-ы өз үйлеріне барып тұрады екен.

11. Сізде жатақхана тәрбиешісімен қандай қарым-қатынас қалыптасқан?



12. Жатақхана комендантымен қарым-қатынасыңыз қандай?



Қорытынды: Сауалнамаға 210 студент қатысты. Студенттер үшін жатақхана жағдайы жақсы, алайда өз ұсыныстарын көрсеткен студенттер де болды. Жатақхана әкімшілігімен және педагог-тәрбиешілермен, комендантпен студенттердің қарым-қатынасы өте жақсы қалыптасқан . Жатақхана мәселері бойынша жауапты мамандарға ұсыныстар әзірленіп, жүзеге асырылуы сұралды. Психологиялық қызмет әр жатақханада арнайы кезекшілік, тренинг ұйымдастырып, студенттермен тығыз байланыста.